

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)					
Топ/сынып	Мектепалды даярлық сынып				
Балалардың жасы	5-6 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні					
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	3-апта 16.09-20.09.2024жыл				
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
	16.09.24ж	17.09.24ж	18.09.24ж	19.09.24ж	20.09.24ж
Күн тәртібі	Бір тұтас тәрбие» бағдарламасы аясында 1. « Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік » айы «Апта дәйексөздері»- «Жанұям - қорғаным, ата-анам - тірегім!» Мұзафар Әлімбаев				
Балаларды қабылдау	Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру; педагогтің ата-аналардың мазалап жүрген сұрақтарына жауап беруі; балаларға жағымды орта туғызу.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату Ата-аналармен балалардың тазалығы туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Менің Қазақстаным» Ән ұран орындау Мақсаты:рухани-патриоттық сезімге тәрбиелеу	Құрылыс ойындары «Үй жиһаздары», «Қуыршақтарға үй құрастырамыз». «Әжелер мектебі»	Фотосуреттер қарастыру «Менің отбасым». Фотосуретте бейнеленген отбасы мүшелерін атау. «Әжелер мектебі»	Саусақ ойыны «Әжемнің ертегілері». Отбасылық фотосуреттерді қарастыру. Туысқандары туралы әңгімелеп беру . «Әжелер мектебі»	Үстел үсті ойыны – пазл: «Үйшік құрастыр» Балалармен отбасы туралы әңгімелесу. «Әжелер мектебі»
	Үстел үсті ойыны. "Жалпы атауын бер". Мақсаты. Балаларға лото карталары беріледі.	Саусақ жаттығуы. Он саусақ. Жалғыз саусақ тіпті де, (сұқ саусақты ашып жұмамыз)	Дидактикалық ойын. «Домино». Мақсаты. «Баланың көліктер жайлы білімдерін	Дидактикалық ойын. «Суретті құрастыр». Мақсаты. Баланы бірнеше бөліктерден тұратын,	Дамытушы ойын. "Мен өзіммен бірге жолға аламын". Мақсаты. Логикалық ойлауды

	Балалар белгілі карточкаларды топтастырып жалпы атауын атайды. (жануарлар, құстар, үй құстары, үй жануарлары, қыздардың және ұлдардың киімдері)	Ұстай алмас жіпті де. Екі саусақ бірікті, (бас бармақ пен сұқ саусақты қосамыз) Ине қолға ілікті. Үш саусағым орамды, (бас бармақ пен сұқ саусақты және ортаңғыны қосып қимыл жасаймыз) Жүгіртеді қаламды. Өнерлі екен он саусақ! (он саусақты көрсетеміз) Қала салсақ, жол салсақ. (қолымызды алдыға қарай созамыз) М. Әлімбаев	дамыту, пысықтау. Сәйкес көлікті тауып дұрыс ататқызу, оның атқаратын қызметімен таныстыру. Ойын шарты. Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады. Қажетті құралдар. Бірдей қос суреттер, әртүрлі көліктер бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар.	тұтас суретті құрастыра білуге үйрету, төзімділікке, бастаған істі аяқтауға тәрбиелеу. Ойын шарты. Сурет бөліктерін таңдағанда қателеспеу, кім тез өз суретін құрастырып, дұрыс атайды сол жеңімпаз атанады. Ойын іс-әрекеті. Тұтас суретті құрастыру үшін тиісті бөлшектерін іздестіру. Қажетті құралдар. Бірнеше бөлікке бөлінген түрлі заттардың суреттері. (көлімдері 7×8 см карточкалар).	дамыту. Ойын материалдары мен көрнекі құралдар: бір заттардың суреттері бар суреттер. Сипаттама. Балаңызға жүзуге баруды ұсыныңыз. Бірақ сапардың сәтті өтуі үшін оған мұқият дайындалу керек, қажет нәрсенің бәрін жинау керек. Баладан бір суретті алып, бұл заттың қалай пайдаланатынын сұраңыз. Суреттердегі заттар өте әртүрлі болуы керек. Мысалы, бала доптың бейнесін алады: "сіз демалыс кезінде доп ойнай аласыз, допты құтқару шеңберінің орнына қолдануға болады, өйткені ол батып кетпейді және т.б.." Бала суретті алдына қойып, әртүрлі жерге саяхаттау үшін не қажет болатынын айтуы керек (шөл далада, пойызда, ауылда).
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	ҚР Рәміздері туралы әңгімелесу.	ҚР Елбасы мен президенті туралы әңгімелесу.	Туған тіл туралы мақал-мәтелдер жаттау.	Астана қаласының суретіне қарап әңгімелесу.	"Туған тілім - тұғырым" атты салтанатты жиын ұйымдастыру.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша Ұйымдастырылған іс-әрекеті.	1.Математика негіздері Тақырыбы. «3 саны және цифры. 4 саны және	1.Сауат ашу негіздері Тақырыбы. «Жуан дауысты дыбыстар.» Міндеті-сөйлеу тілінің дыбыстық ерекшелігін меңгерту;	1.Математика негіздері Тақырыбы. 5, 6 сандары және цифрлары Міндеті:	1.Математика негіздері Тақырыбы. 5, 6 сандары және цифрлары Міндеті -	1.Сауат ашу негіздері Тақырыбы. «Жуан, жіңішке дауысты дыбыстар.» -сөздердің ұзынды-қысқалығын

	цифры. Міндеті -цифр мен заттар санын сәйкестендіруді үйрету; -заттарды санау дағдыларын жетілдіру; 3 және 4 цифрларын дұрыс тану мен бейнелеуді үйрету; -зейін мен логикалық ойлауды дамыту; -есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.» 2.Қазақ тілі Тақырыбы. «Мектеп қызметкерлері» Міндеті-мектептегі қызметкерлерінің атын білу, қарапайым сұрақтар қою және оларға жай сөйлеммен жауап беруге үйрету; -сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру,қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.	-сөйлеу тілін жетілдіру.Дауысты,дауыссыз дыбыс ерекшелігін түсіндіру. 2.Сурет салу (Шығармашылық іс-әрекеттер) Жапсыру Тақырыбы. «Көшедегі үйлер.Біздің үй. Міндеті-архитектуралық бөлшектер туралы түсініктерін кеңейте отырып, әр бөлікті өз орнына ұқыптылықпен жапсыру қабілеттерін дамыту; -балалардың үй туралы, оның түрлері туралы ой-қиялдарын жетілдіру. 3.Музыка Тақырыбы «Көңілді ырғақтар.»міндеті -әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау; -шығармалардың эмоциялық мазмұнын,олардың сипатын,көңіл күйін ажырату; -музыка сипатына сәйкес	-цифр мен заттар санын сәйкестендіруді үйрету; -заттарды санау дағдыларын жетілдіру; -5 және 6 цифрларын дұрыс тану мен бейнелеуді үйрету; -зейін мен логикалық ойлауды дамыту; -есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. 2.Сауат ашу негіздері Тақырыбы. «Жінішке дауысты дыбыстар». Міндеті.-сөйлеу тілінің дыбыстық ерекшелігін меңгерту; -сөйлеу тілін жетілдіру.Дауысты,дауыссыз дыбыс ерекшелігін түсіндіру. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Күзгі орманда. - қозғалыс» Міндеті мәнерлігін,ырғақтылығын дамыту:азаматтық және экологиялық мәдениеттіліктерін	цифр мен заттар санын сәйкестендіруді үйрету; -заттарды санау дағдыларын жетілдіру; -5 және 6 цифрларын дұрыс тану мен бейнелеуді үйрету; -зейін мен логикалық ойлауды дамыту; -есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. . 2.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы. «Күз бояуы». Міндеті - балалардың күз белгілері жайлы білімдерін кеңейту,күз мезгілінің ерекшеліктері жайлы әңгімелесу; -өлең тыңдау арқылы әңгіме құрап айту арқылы баланың сөйлеу тілін дамыту;күздің жомарт,мырза екенін айтып,мейірбандыққ	қолмен өлшеп, айыра білуге үйрету; -балаларды сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілеуге үйрету, сызбалар жасауға үйрету. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ұлттық ойындар (таза ауада) « Міндеті: -ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру,коммуникативтік қабілеттіліктерін дамыту. 3.Көркем әдебиет Тақырыбы: «Шаруа мен аю(орыс халық ертегісі)» Міндеті:-ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау, қисынды мазмұндауға үйрету; -ертегіні әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдану, еңбек дағдыларын дамыту; -ертегі арқылы балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.
--	--	--	---	---	---

	3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Бадминтон, футбол.» Міндеті : Спорттық іс-әрекеттерге деген қызығушылығы мен олардың денсаулық үшін маңыздылығын саналы түсіну, ұйымдасқандық,мақсаттарына жете білу қасиеттерін қалыптастыру. <u>Қауіпсіздік техникасы</u> қажет кезде көмек беру, толтырылған доптарды балалардан бір адым қарақашықтыққа қою. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тым-тырақай» (3 рет). Ойыншылар бір-бірінің қолдарынан ұстап, шеңбер бойында тұрады. Ортада ұстаушы-жүргізуші тұрады. балалар төмендегі сөздерді айтып, шеңбер бойымен жүреді: «Ал, кәнеки, балалар, Бір, екі, үш – деп санандар. Бір, екі, үш – ал тараңдар!» Осыдан кейін зал ішіне тым-тырақай қашады. Ұстаушы балаларды	ойын әрекеттерін орындау,музыкалық тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгерту; -көңілді әуенге қызығушылықтарын ояту. Ән айту:«Мен өнерлі баламын» (М. Омаров) 4.Қоршаған ортамен таныстыру Тақырыбы. «Себетке қандай саңырауқұлақ саламыз?» Міндеті - сңырауқұлақтың кейбір жеуге жарамды және улы түрлері туралы түсініктерін қалыптастыру; -балаларға саңырауқұлақтардың түр-түсі мен атауларын үйрету.	қалыптастыруға мүмкіндік жасау. 4.Көркем әдебиет Тақырыбы: «Шаруа мен аю(орыс халық ертегісі)» Міндеті:-ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау, қисынды мазмұндауға үйрету; -ертегіні әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдану, еңбек дағдыларын дамыту; -ертегі арқылы балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	а тәрбиелеу. 3.Музыка Тақырыбы. Көңілді ырғақтар.»міндеті - әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау; -шығармалардың эмоциялық мазмұнын,олардың сипатын,көңіл күйін ажырату; -музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау,музыкалық тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгерту; -көңілді әуенге қызығушылықтарын ояту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Биімді қайтала» (үнтаспада , педагогтің таңдауымен) 4.Қазақ тілі	4.Қоршаған ортамен таныстыру Тақырыбы «Жыл мезгілдері:» Міндеті: Жаз,күз,қыс,көктем.Белгілері. -жаз және күз мезгілдерінің негізгі,маңызды белгілері бойынша түсінік беру; -сөздік қорларын,өзін қоршаған орта туралы ойын жеткізе білу қабілеттерін дамыту.
--	---	--	---	---	---

	куып, ұстауға тырысады 4.Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы «Күз бояуы». Міндеті - балалардың күз белгілері жайлы білімдерін кеңейту,күз мезгілінің ерекшеліктері жайлы әңгімелесу; -өлең тыңдау арқылы әңгіме құрап айту арқылы баланың сөйлеу тілін дамыту;күздің жомарт,мырза екенін айтып,мейірбандыққа тәрбиелеу.			.Тақырыбы «Алтын күз» Міндеті-күз мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айтуға үйрету. Қазақ тілінде сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету; -жаңылтпашты жатқа және жылдам айта білуге үйрету. - қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, сөздік қорларын дамыту; -қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.	
Серуенге дайындық	Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа үйрету.				
Серуен	Картотека №1 Құстарға бақылау жасау Мақсаты: Олардың түрлерімен жақынырақ таныстыру. Балалардың аяушылық, қамқорлық сезімін дамыту. Құстар біздің досымыз, құстар қалықтап төбемізде ұшып жүр айналаны бағдарлап бақылау. Еңбек: Құстарға жем шашу, нан қиқымын салу. Жемсауыттарын жем	Картотека №2 Күзгі ауа-райындағы өзгерістерді бақылау Мақсаты: Балаларға күз мезгілі туралы әңгімелеу. Күзгі ауа-райын жазғы ауа - райымен салыстыру, күздегі өзгерістерді айтқызу. Еңбек: Құм салғыштың айналасындағы құмдарды күрекшемен жинау. Мақсаты: Өз алдына еңбектене білуге тәрбиелеп, бағыт беру. Балалармен жеке жұмыс: «Жел»туралы тақпақ айтқызу	Картотека № 3 Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау Мақсаты: Күзде өлі табиғатта болатын құбылыс өсімдіктерге деэсер ететіндігін түсіндіру. Еңбек: Біздің ойын алаңы Мақсаты: Ойын алаңындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау. Еңбекқорлыққа баулу. Жеке жұмыс: Жел тынымсыз гүілдеп,	Картотека № 4 «Қайтқан құстарды бақылау» Мақсаты: Балалармен қайтқан құстарды бақылау. Олардың атын ататқызып, дауыстарын тыңдату. Олардың топ болып ұшуына назар аударту. Еңбек: Сынған ағаш қалдықтарын аула сыпырушының арбасына салып жинау Мақсаты: Құстарды қамқорлауға	Картотека № 5 Қоңыр күзді бақылау, салыстыру Мақсаты: Қоңыр күзгі табиғатты бақылау, алғашқы күзбен салыстыру, ерекшеліктерін сұрау, қоңыр күзде күннің суық болатынын, жапырақтар түсіп бітік тек қоңыр түсті болатынын айту. Ағаштар жапырақтарынан ажырап, жапырақтардың да күз айларында түстерін

	жеп болғаннан кейін тазалап қоюды көрсету, түсіндіру. Жеке жұмыс: Торғай, торғай торғайсың Бізге жақын қонғайсың Көркем сөз: Сауысқан – сақ құс, Көкек – мақтаншақ құс. Бұлбұл - әнші құс, Көгершін – бейбітшілік құсы. Қимылды ойындар: «Өз орынды тап» Мақсаты: Ептілікке баулу. (Экологиялық мәдениет)	Қимылды ойындар: «Ұшты-ұшты» (қимыл көрсету); «Тауық пен балапандар» (жүгіру) Мақсаты: Ойын қимылдарын тыңдап орындай білуге, ептіліктерін арттыру. Көркем сөз: «Жел тынымсыз гуілдеп Болып кетті тым ұзақ Шуылдайды тал терек Жапырағын жұлғызып» (Экологиялық мәдениет)	Болып кетті тым бұзық Шуылдайды тал терек, Жапырағын жұлғызып. Мақсаты: Тақпақ үйрету арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлігін сезінуге үйрету.. Қимылдық ойын: «Фигура жасап шық » Балалардың өз бетімен ойын ұйымдастыру: 1. Қуаласпақ. 2. Тығылыспақ. (Экологиялық мәдениет)	қызығушылықтарын арттыру. Балалармен жеке жұмыс: Құстар туралы жұмбақтар «Құйқылжытып дала күйін, Үй ішіне салады үйін.»(қарлығаш) Қимылды ойындар: «Қайтқан құстар» Мақсаты: Ойын барысын бұзбай ойнауға дағдыландыру. Құс қимылдары арқылы дене бітімдерін дамыту. Шапшаңдыққа, жылдамдыққа, ептілікке үйрету. Көркем сөз: «Гу-гу, гу-гу шықты Желдетті де бұлт қуды Жел соққан соң Жел соққандай жұлкынды» (Экологиялық мәдениет)	өзгертіп тұратынын айтып түсіндіру. Еңбек: Құмсалғыштағы құмды күрекшелермен көтеру. Балалармен жеке жұмыс: Күз мезгіліне байланысты көркем сөз жаттату. Қимылды ойындар: «Үрпек төбет», «Жасырынбақ» (жүгіру) Мақсаты: Ойын ережесін бұлжытпай орындауға, шапшаң қимылға баулу. Көркем сөз: «Күз» Қара бұлт қабағын түйеді, Бұталар боз қырау киеді . (Экологиялық мәдениет)
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Құрастырудан ойын-жаттығу. "Қанқыз" Мақсаты: балаларды қағаздан құрастырудың түрлі әдістерін қолданып қаңқыз үлгісін жасауға үйрету. Дидактикалық ойын: "Жәндіктерді құрастыр". Дамытушы жаттығу. "Қанша және қандай айырмашылықтары бар?" Мақсаты. Балалардың қабылдау, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу. Құралдар. Суреттер жұптары (екінші суретте, бірінші суретке қарағанда көзге көрінбейтін бірнеше өзгерістер болады). Шарты. Педагог балаларға бірінші суретті көрсетіп, содан соң оған ұқсас екінші суретте көруге	Логикалық ойын. "Келешекте неге айналады?" Мақсаты. Балалардың қоршаған заттар мен құбылыстар, адам мен жан-жануарлар тіршіліктеріндегі білімдерін тиянақтау; логикалық ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; тапқырлыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Заттық суреттер немесе мнемокарточкалар болуы мүмкін. Педагог тапсырмаларды сөз арқылы ғана да беру мүмкін. Шарты. Педагог атаған жанды немесе жансыз объектіге, көрсеткен суретке қарап, объектінің немесе құбылыстың келешекте неге айналатынын атау керек. Педагог ойын шартын балаларға былай түсіндіру мүмкін: "Мен атаған (көрсеткен) жанды немесе жансыз объект, құбылыс келешекте не болады?" Педагог ұсынатын	Дидактикалық ойын. "Сөздер тізбегі". Мақсаты. Балалардың сөздік қорын байыту, ой шапшаңдығын, зейінін дамыту; өзара жағымды қатынастарды нығайту. Шарты. Педагог балаларға қандай сала туралы сөздерді құрастыратындарын айтады. Осы жағдайда "Отбасы" тақырыбы. Педагог "Отбасы" ұғымына байланысты сөздің бірін айтып, кезекті келесі отырған балаға береді. Сөзді дәл уақытында таба алмаған бала өз қатесін өтейді, өнерін көрсетеді. Сюжетті-рөлдік ойын. "Отбасы". Мақсаты. Балалардың отбасы мүшелері жөнінде ұғымдарын нығайту; отбасы мүшелерінің отбасыда атқаратын рөлі неде екендігін пысықтау; үлкенге құрмет,	Дамытушы жаттығу. "Не өзгерді?" Мақсаты. Балалардың қабылдау, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу. Құралдар: түрлі заттар мен ойыншықтар. Шарты. Педагог балалардың алдына таныс ойыншықтарды немесе заттарды ұсынады. Саны алғашында 6-дан басталады, содан соң 10-12-ге дейін жеткізуге болады. Ойыншықтар сапта тұрған кезде, балалар олардың реттік санын айтуы мүмкін. Балалар көзін жұмып, педагог ойыншықтардың қатардағы тұрғанын өзгертеді. Балалар көздерін ашып, қандай ойыншықтың қай орынға ауысқанын айтады.	Дидактикалық ойын. "Логикалық жұптар" (табиғат құбылыстары). Мақсаты. Балалардың белгілі құбылыстар салынған карточкаларды логикалық екі карточка жұптарына жинап, біріктіру; білімдерін жүйелей білу, есте сақтау, ойлау, елестету, сөйлеу қабілеттерін дамыту; түрлі құбылыстарға қызығушылықтарды арттыру; ізденімпаздыққа тәрбиелеу. Құралдар. Түрлі табиғи құбылыстар салынған сурет-карточкалар. Шарты. Балалар табиғат құбылыстарын шартты белгілі суреттерге қосып, логикалық жұптарды құрастыру керек. Логикалық жұптар тізбектері мына сияқты болуы мүмкін: тамшы - жаңбыр; тамшы - мұздардың шатырдан тамшылағаны; тамшы - тұман; тамшы - кемпірқосақ; тамшы - мұз; тамшы - бұлақ; жапырақ - ағаш;
---	---	---	---	--	---

	ұсынады. Балалар екінші суретте, біріншіге қарағанда, не өзгергенін айтады, айырмашылықтарын табады. .	сөздер мен сөз тіркестері: жасыл жапырақ күзде; өзен қыста; бала өскенде; ұн; жауын қыста; балапан; бұзау; түн; күшік; іргетас; көшет; аяздың болуы; дән; жұмыртқа; қардың жауғаны; қар көктемде; желде сарғайған жапырақтар; кеш; көжек; көп еңбек; оқу оқу; адамдардың бір-біріне көмектесуі; сүт.	жақынына деген сүйіспеншілік сезімдеріне тәрбиелеу. Құралдар. Отбасы мүшелеріне қажет заттар: көзілдірік, ыдыс-аяқ, алжапқыш, ойыншық, саймандар, кітап, газета, сыпырғыш, шелек пен сүлгі, ойыншық тұрмыстық техника тағы басқа заттар мен киім үлгілері. Шарты. Балалар өзара отбасы мүшелері рөлдерін бөлісіп жатады, өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады. Педагог балалармен бірлесіп, алдын-ала күн тәртібіндегі қандай оқиғаны сомдау қажет екендігін анықтап жатады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды.		жапырақ - жапырақ - бұта; жапырақ - гүл; т.б..
--	--	---	---	--	---

Балалармен жеке жұмыс	Артикуляциялық жаттығулар. 1 _____ түстерді ажыратуға үйрету. Д/ойын: «Түстерді топтастыр	Бала тілін жаттықтыру. Әртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу. "Туған елдің ұлымын" (Асқаржан Сәрсеков). Аспанымдай мөлдірмін, Жайлауымдай жазықпын, Өзенімдей өршілмін, Гүлдерімдей нәзікпін. Қуат алған өзінен, Туған елдің ұлымын. Бақытты етіп өсірген Отанымның гүлімін.	"Үйдің есігін жабайық" дидактикалық ойыны. Мақсаты. Заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту.	Артикуляциялық жаттығулар. 2 _____ карандашты дұрыс ұстауға үйрету. Суреттен ойын-жаттығу «Үзік сызықтарды қос	Дидактикалық ойын. "Жұмбақ сан". Мақсаты. Балаларды қосу мен алудың қарапайым математикалық әрекеттеріне дайындауға ықпал ету; алдыңғы және кейінгі сандарды алғашқы ондықта анықтау дағдыларын нығайтуға көмектесу. Сипаттама. Мысалы, үш санынан үлкен, бірақ бес санынан аз; қай сан үштен аз, баладан оны болжауды сұраңыз. Бала әртүрлі сандарды атайды, ал мұғалім аталған саннан көп немесе аз деп айтады. Содан кейін сіз баламен рөлдерді өзгерте аласыз.
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюлерін қадағалау.				
Серуен	Серуенге деген қызығушылықтарын ояту. "Менің Қазақстаным" тақырыбында жеке әңгімелесулер.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» «Алтын қақпа»	«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» « Құнан шабысы»	«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» «Арқан тарту»	«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» «Оқтау тартыс»	«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» «Көкпар»
	Мақсаты:-балаларды ойын ережесін дұрыс орындауға үйрету, ептілікке ,шапшаңдыққа тәрбиелеу				
Балалардың үйге	«Дәрумендердің	Ата-аналарға кеңес:	"Баланы дұрыс	«Айына бір рет	«Отбасының салауатты

қайтуы (ата-аналарға кеңес) 11:00-11:30	бала өміріндегі маңызы» тақырыбында кеңес.	"Үйдегі жағдайды балабақшаның күн режимімен бірдей етіп ұйымдастыру".	сөйлеуге қалай үйрету керек" ата-аналарға кеңес.	отбасы күнін өткізу».	өмір салтын сақтауға бағытталған дәстүрлері» атты сұрақ-жауап.
--	--	---	--	-----------------------	--